

«Балдәурен» бөбекжай-бақшалығының
меңгерушісі *Жеңіс* Жаппасбекова Г

« » « »



«Балапан» кіші жас тобы
Ашық есік күнінің жоспары:
«Мен талапты баламын»



Тәрбиешілер: Мусаева Н

Бидаулетова П

2023 – 2024 оқу жылы

**«Балапан» кіші жас тобының «Ашық есік» күніне арналған
іс – шара жоспары**

№	Өткізілетін іс шараның тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Бақша мен отбасы» ата – аналарға арналған тренинг	11.12.2023 ж	Топ тәрбиешілері, ата - аналар
2	«Түлкі мен қоян неге араздасты?» ата – аналар ертегіні сахналайды	12.12.2023 ж	Ата - аналар
3	«Ғажайып қобдиша» танымдық іс - әрекет	13.12.2023 ж	Топ тәрбиешілері
4	Қорытынды	13.12.2023 ж	Әдіскер

Әдіскер: *Жылысбаева Р* **Жылысбаева Р**

«Ашық есік» күнінде өткізілген іс – шаралардың АНЫҚТАМАСЫ

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес, желтоқсан айында «Мен талапты баламын» тақырыбында «Балапан» кіші жас тобында 11.12 – 13.12.2023 жылы жоспарлы «Ашық есік» күні өткізілді. Іс – шара жоспары жасалып меңгеруші Г. Жанибекованың қолы қойылып, бекітілді. Үш күндік «Ашық есік» күніне барлығы 11 ата – ана қатысты. Балалар балабақшада немен айналысып жатқанын, күн тәртібінің орындалуын, таңғы жаттығуды және ас мәзірі мен тамақтану гигиенасын көрді. Балаларымен бірге ұйымдастырылған іс – әрекетке қатысты.

Ашық есік күнінің мақсаты: Ата – аналарды балабақшаның бір күндік өмірімен таныстыру, сұрақтарына жауап алуына ықпал ету, ата – аналарға күн тәртібінің орындалу режимін көрсету, тәрбиешілердің жұмыстарына баға беру және балабақшамен тығыз байланыс орнату.

Топ тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен 11 желтоқсан күні «Балабақша мен отбасы» тақырыбында ата – аналарға арналған тренинг өткізді.

Мақсаты: ата – аналармен өзара қарым – қатынасты жақсарту. Балабақша өмірімен таныстыру, тәрбиешілермен дұрыс қарым – қатынас орнату.

Тәрбиеші ата – аналарды тренинг шартымен таныстырды. Ата – аналар қол ұстасып шаттық шеңберін құрады. Бір – біріне жылулық беріп, жылы лебіздерін білдірді.

Тәрбиеші нұсқаулық берді: Біз ағашпыз. Әркім өз қалауынша тамыр, жапырақ, дінгек болып үшке бөлінеміз. Ата – аналар тапсырманы орындайды.

Тамыр тандағандар істің нәтижесіне мән беретін адамдар. Дінгек тандағандар берік, мықты біреуге тірек бола алатын адамдар. Жапырақ тандағандар сұлулықты, әсемдікті, ұқыптылықты қалайтындар.

Енді осы әр тандау жасаған адамдар тамыр, дінгек, жапырақты суретке саламыз. Ішіне жағсы тілектер жазамыз.

Тамыр – ата – ана, дінгек – тәрбиеші, жапырақ – балаларымыз. Егер тамырдан нәр алып, дінгек мықты болса, бұтағының жапырағы жайқалса ағаш керемет көрінеді.

Ойын: «Қай жұп күшті?»

Әр ата – ана өзіне серік тандайды. Музыка ырғағымен билеп шарды жарады. Жарылған шардың ішіндегі жазылған тілектерді орныдайды.

Ойын: «Кім екенін тап»

Әр ата – ана өзінің ата – жөнін көрсетпей өз – өзіне психологиялық мінездеме жазады. Педагог жазылған қағазды жинап біреуін дауыстап

тәуелсіздікке арналған тақтактарын айтты. Балалар «Күш сынасу» ойынын ойнады. Жеңілген бала Отан, туған жер туралы мақал айтады. Балаларға түрлі – түсті құммен Бәйтерек бейнесін жасатты. Балалар өздері жасаған бейнелері туралы айтып берді. Ойын соңында балалар сергіту жаттығуын жасады. Тәрбиеші балалармен кері байланыс жасады.

Кемшілігі: тақпақ айтқанда балалар тілдерін төсеп анық етіп айтпады.

Күннің екінші жартысында тәрбиешілер «Жүрек жылуы» тақырыбындағы ата – аналарға арналған тренинг өткізді.

Максаты: ата – аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының ролі жайлы түсінік беру. Ата – аналарды өздерінің балаларының жан – дүниесін түсінуге шақыру.

Тәрбиеші ата – аналарды «Жүрек жылуы» тақырыбындағы тренингке қатысуға шақырды. Тренингке 9 ата – ана қатысты.

1. Тәрбиеші «танысу» жаттығуын жасатты. Ата – аналарға түрлі – түсті белгілер таратты. Қызыл түс – қол алып, сары түс – дауыс арқылы, көк түс – мимика арқылы бір – бірімен амандасады.

2. «Қызықты сұрақтар» доп лақтыру арқылы тек балалары туралы бірі-біріне сұрақтар қояды.

3. «Бақыт деген не өзі» ата - аналар өз ойларымен бөлісті.

4. «Аяқталмаған сөйлем» жаттығуын орындады. Тәрбиеші бала туралы мақал – мәтел немесе нақыл сөздің басын айтады, ата – ана сол сөзді аяқтайды.

5. «Балама қандай жылулық беремін?» ата – ана баласына беретін жылулықты сурет арқылы бейнелеп көрсетеді.

6. Тыныштық сәті: «Гүлдің оянуы» (баяу музыканың үнімен өткізіледі)

Тәрбиеші музыка арқылы ормандағы тыныштықты, керемет дыбыстарды, ғажайып әлемді, иісі мұңкіген гүлдерді елестеткізеді.

Ата – ана осы сәтті қағаз бетіне түсіріп, гүлді салып, баласына деген сүйіспеншілікті жазып, өзінің ой – пікірін жазады.

Тренинг ата – аналарға қатты ұнады. Осы тренингтен жақсы әсер алғандарын айтты.

Қорыта келе: «Қарлығаш» ортаңғы жас тобы үш күндік «Ашық есік» күнін жоспар бойынша өткізді. Ата – аналар үш күн бойы балабақшаның тірлік – тіршілігін көздерімен көріп, іс – шараларға белсенді қатысты. Балабақша педагогтеріне алғыстарын айтып тарасты.

Бекітемін

«Балдәурен» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі  Жаңибекова

«__» _____ 2023 жыл



«Балапан» кіші тобы

Ашық есік күні

«Түлкі мен қоян неге араздасты» ертегісі

Тәрбиешілер: П.Бидаулетова

Н.Мусаева

2023-2024 оқу жылы

«Түлкі мен Қоян неге араздасты» ертегісі .

Міндеті : ертегінің мазмұнын айтуға, дыбыстық талдау жасауға үйрету; ауызекі сөйлеулерін дамыту; сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту; балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу.

Жұмбақ

1. Қырда жүрер ол жортып,
Іні де жоқ бармайтын.
Құйрығымен бұлаңдап,
Қандай аң ол алдайтын?
Көзі тостақ, өзі қорқақ.

— Балалар, түлкіні жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес. Қоян — өте қорқақ аң, қоянды үйде де асырауға болады. Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегісімен танысамыз.

«Түлкі мен Қоян неге араздасты»

Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. Сол үшін қасқыр түлкінің артынан еріп, аңдып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе, қасқыр түлкіні өлтіріп тастар еді. Түлкі орманда келе жатып ағаш түбінде отырған қоянды көреді. Ол мезгілде қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Сол жерде қоян өзін ұстап алған түлкіге:

— «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», — деп жалыныпты. Міне, содан бері түлкінің құйрығы ұзын болыпты, ал қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты. Сол кезден бері қоянмен түлкі араз болған екен.

Сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрау.

— Ертегі сендерге ұнады ма?

— Иә, ұнады.

— Ертегіде нелер туралы айтылған?

— Түлкі, қасқыр, қоян туралы.

— Ерте заманда түлкінің құйрығы қандай болыпты?

— Құйрығы кішкентай болыпты.

— Түлкі қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген?

— Қасқырдан қашып жүреді екен.

— Бір күні не болыпты?

— Қасқыр түлкінің ізіне түсіп, ініне кіріпті.

— Түлкі қалай құтылып кетіпті?

— Іннің екінші тесігінен шығып кетіпті.

— Әлден соң ағаш арасына кірген түлкі нені көреді?

— Ағаш түбінде отырған қоянды көреді.

— Сол жерде қоян өзін ұстап алған түлкіге не депті?

— «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», — деп жалыныпты.

— Иә, балалар, содан бері түлкінің құйрығы ұзын болыпты, ал қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.

«Түлкі мен қоян» ертегісін сахналау.

— Енді ертегідегі «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.

— «Түлкі» сөзі неше буыннан тұрады?

— Түл-кі, екі буыннан тұрады.

— Неше дауысты дыбыс бар?

— Екі дауысты дыбыс бар.

— Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?

— Дауысты дыбысты қызыл түспен белгілейміз

— Ал дауыссыз дыбысты көк түспен белгілейміз.

Сергіту сәті: Өлең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстар жасайды.

Тапсырманы орындату.

1. «Буынды жалғастыр» дидактикалық ойын : Түл-кі, қо-ян, қас-қыр, ти-ін

Бекітемін

«Балдәурен» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі *Ж.Ж. Жанибекова*

«__» «__» 2023 жыл



«Балапан» кіші тобы

Ашық есік күні

«Бабақша мен отбасы» тренинг



Тәрбиешілер: П.Бидәулетова

Н.Мусаева

2023-2024 оқу жылы

Балабақша мен отбасы

Ата - анамен жұмыс.

Тақырыбы: Балабақша мен отбасы

Міндеті: Ата - аналардың өзара қарым - қатынасын жақсарту. Балабақша өмірімен таныстыру, тәрбиешімен дұрыс қарым - қатынаста болу.

Психологиялық кеңес, ағарту жұмыстарын жүргізу.

Көрнекілігі: Музыка жазылған ұнтаспа, қағаз - қаламдар, ағаш, алмалар, шарлар, себет

Шаттық шеңбері:

Ата - аналарды қолымыздан ұстап, шаттық шеңберіне тұрғызу. Мен сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Қане, бәріміз бір - біріміздің қолымыздан ұстап шеңбер құрайық. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық, жылулық шеңбері деп атаймыз? Қалай ойлайсыздар. Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Шеңберге тұрып, бір - бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды сыйлай білуге үйренеміз. Міне, сондықтан бұл шеңберді жылулық, шаттық шеңбері деп атаймыз. Енді бәріміз жақсылық тілеп, шаттана қуанып, күлкімізді сыйлайық.

Тренинг:

Енді ата - аналар, «Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» демекші адам табиғатпен тығыз байланысты табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамыры ма, әлде діңі ме, әлде жапырағы ма? Әркім өз қалауы бойынша тамыр, жапырақ, діңі болып бөлінеді.

Ал енді ата - аналар тамырлар бір бөлек, жапырақтар бір бөлек, діндер бір бөлек отыруымыз керек. Сіздер не үшін тамыр тобын таңдадыңыздар, сіздер не үшін жапырақ таңдадыңыздар, сіздер не үшін діңін таңдадыңыздар соны тобыңызбен келісе отырып бір келісімге келіп, топтан бір адам шығып қорғайсыздар. (әр топтың сөзі тыңдалып, қошеметпен шапалақ ұрылып отырады).

Сіздердің бұл таңдауларыңыз кездейсоқтық емес, психологиялық сәйкестік. Тамыр таңдағандар істің нәтижесіне мән беретін адамдар. Діңгекті таңдағандар берік, мықты біреуге тірек бола алатын адамдар. Жапырақ таңдағандар сұлулықты, әсемдікті, ұқыптылықты қалайтындар. Енді ата - аналар мына үлкен қағазға «тамыр тобы»- тамырды, «діңгек тобы»- діңгекті, «жапырақ тобы»- жапырақты саламыз.

(Музыкалық сүйемел, қалам - қағаздар)

Ұстаздарыңызға деген талап - тілектеріңізді «тамыр тобы»- тамырға, «діңгек тобы» - діңгекке, «жапырақ тобы» - жапыраққа жазыңыздар.

Осы ағаштың тамыры – ата - ана, діңгегі - тәрбиеші, жапырағы – балаларымыз. Егер тамырдан нәр алып, діңгегі мықты болып, бұтағы

жапырағын жайса ағашымыз жемісін береді.

Енді мына себеттен алмаларды алып, өз балаларыңызға тілек жазып, ағаштың жемісін іліп, балаларыңыздың қызығын көрейік.
(музыкалық сүйемелдеу, тілек жазу)

Ойын: «Қай жұп күшті?»

Қазір әркім өзіне серік таңдайды, шарды алып, көңілді музыкаға билеп, шарды жарады. Шардың ішінен жақсы тілектер алып шығып, қалған ойыншыларға дауыстап оқып беру. Әр жұп кезектесіп белгіленген уақыттан белгіленген жерге дейін шарды бір - бірін құшақтап шарды жарады.

Ойын: «Кім екенін тап»

Әрбір адам өзінің аты - жөнін көрсетпей, өз - өзіне психологиялық мінездеме жазады. Өзінің ұнамсыз қасиеттерін жазуы керек. Бұл мінездеме жазылған беттерді жетекші жинап, араластырады да, арасынан біреуін алып, дауыстап оқиды. Топ мүшелері мінездеменің иесін табу керек.

«Тілек гүлі» (қорытындылау)

Сонымен ата - аналар бала тәрбиесі ең маңызды - мәселе. Ең басты – ата - ананың бала тәрбиесіндегі маңызы зор. Бүгін міне бала тәрбиесіне байланысты ойларыңызды ортаға салдыңыздар. Осы іс - шарамыздың соңында сіздерге мандарин ұсынғым келіп отыр. Мандаринді берген мақсатым: Мандарин жемістің бір түрі. Өзі жұмсақ, нәрлі шырынында дәрумені көп жемістердің ішіндегі, тез көп жеміс беретін өсімдік. Мандарин қандай қасиеттерге ие болса бізде балалармызға жұмсақ мінез танытып, жан - жақты тәрбие берейік.

Әке, Ана үш - ақ әріп тіршілік,

Үш – ақ әріптен үлбірейді гүл шығып.

Үш – ақ әріп дүниені танытқан,

Үш – ақ әріп қойған жыршы ғып – дей келе тренингімізді аяқтаймыз.

Қорытынды.

«Үй, жол, жылан, бокал, шалбар және орамал» диагностикасы
Ата - аналарға мынандай ережелерді қадағалап отырып сурет салатындығы ескертіледі:

- Бұл жұмыста Сіздер өз бейсаналарыңыздың хатшысы іспеттес боласыздар, сол себепті де еш ойланбай, қорықпай, берілген тапсырманы тездетіп орындауға тырысыңыздар.
- Сурет салу тапсырылғанда, «Қалай саламын? Суреттер қандай болу керек?» деп сұрауға болмайды: өз қалауларыңыз бен шешімдеріңіз бойынша салу керек.
- Суреттерді тез салу керек, өйткені оларды салуға уақыт өте аз беріледі.

• Суреттерді салғанда, басқалардың суреттеріне қарауға болмайды. Осыдан кейін ата - аналарға үй, жол, жылан, шарап ішетін бокал, шалбар мен әйелдердің басына тағатын орамалды кезекпен салуға тапсыру керек: әр затты салуға мейлінше аз уақыт беріп (5 - 10 сек), ата - аналарды асықтырып, жұмыстарын жеделдетіп отырған жөн.

Ата - аналар салынып біткен суреттерін бір - біріне көрсеткеннен кейін, оқытушы олардың мынандай мағына білдіретіндігін айтады:

Үй – адамның өзін - өзі бағалау деңгейін көрсетеді.

Үйдің суреті кең әрі биік болса, онда бұл ата - ана өзін - өзі бағалау деңгейі жоғары деп есептеуге тұрарлық.

Үйдің есік - терезелері бар болса онда бұл студент – қарым - қатынасқа ашық адам.

Үйдің есігі ашық болып немесе оның тұтқасы бар болатын юолса, бұл жәйт ата - ананың қонақжай екендігін білдіреді.

Жол – адамның қарым - қатынасқа қандай деңгейде араласатындығының айғағы.

Жол кең, әрі үйдің есігінен басталатын болса, бұл адамның қарым - қатынасқа бейім және қонақжай екендігін көрсетеді.

Жол тар немесе үйдің қасынан (үйге бұрылмай) өтіп жатса, онда бұл жәйт адамның қарым - қатынасқа оңай кірісіп кетпейтіндігін білдіреді.

Жылан – «Басқа адамдардың мен туралы пікірі қандай?» деген сұраққа өзіңіздің қалайша жауап беретініңіздің айғағы.

Жылан үй жаққа қарап тұрса әрі оның айрық тілі аузынан көрініп тұрса, онда Сіз «Басқалардың мен туралы пікірі жақсы емес: олар күні бойы мені жамандаудан басқа іспен айналыспайды екен» деген ойдасыз.

Жылан үй жаққа қарап тұрмаса, онда, онда Сіз «Басқалардың мен туралы ойы жаман емес» деген ұстанымдасыз.

Бокал – адамның ішімдікке деген көзқарасын білдіреді. Бокалдың суреті кішкене болып, оның іші бос болса, онда мұны салған адамның ішімдікке немқұрайды болғаны.

Шалбар мен орамал – ата - аналардың түсінігіндегі ер адамдар мен әйелдердің дәрежесін көрсетеді.

Шалбардың суреті орамалдан биік тұрса, онда ата - ана өмірде ер адамды әйелдерден жоғары санайды деген сөз.

Кері байланыс

Сізге тренинг ұнады ма? _____

Не ұнамады? _____

Жүргізушіге ұсыныстарыңыз _____

Бекітемін

«Балдәурен» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі *Д. Жанибекова*

«__» 2023 жыл



«Балапан» кіші тобы

Ашық есік күні

«Ғажайып қобдиша» танымдық іс-әрекет



Тәрбиешілер: П.Бидаулетова

Н.Мусаева

2023-2024 оқу жылы

«Ғажайып қобдиша»

Тақырыбы: «Ғажайып қобдиша»

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Сенсорика

Мақсаты: Балаларды заттардың түсімен таныстыру (қызыл, көк). Заттың көлемі, түрі, пішіні туралы білімдерін бекіту.

Көрнекілігі: Әртүрлі көлемдегі қызыл, көк шарлар.

Әдіс – тәсілдер: Әңгімелеу, түсіндіру.

Сөздік жұмыс: Шар

Инклюзивті әлеумет: Балалармен жеке жұмыстар жүргізу.

Кіріспе бөлім:

— Сәлеметсіңдер ма, балалар! Қараңдаршы бізде сиқырлы қобдиша бар. Қобдишаның ішінде не бар екен, көрейікші! Бұл сиқырлы қобдишаны ашу үшін қане алақанымызды қатты – қатты шапалақтайықшы.

(Музыка әуенімен қобдиша ашылады)

Негізгі бөлім:

— Ой, балалар қараңдаршы мына қобдишада әсем шарлар бар екен. Қане түстерін атайықшы.

— Мынау көк шар.

— Мынау қызыл шар.

— Ал, мына көк шардың көлемі үлкен, ал мына қызыл шар кішкентай екен.

— Балалар осы шарларды біз мереке күндері пайдаланамыз.

Сергіту сәті

Балаларға шарды үрлетіп, тыныс алу жаттығуларын жасату.

Дидактикалық ойын: «Түсіне қарай топтастыр»

Шарты: Балалар екі себетке шарды бөліп салу.

Қорытынды бөлім:

— Балалар, шарлар қандай түсті екен?

— Мына қызыл шар қандай?

— Мына көк шар қандай?- деген сұрақтар қою арқылы оқу қызметін қорытындылау.

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімі: «Сенсорика»

Тақырыбы: «Ғажайып қалта»

Міндеті: Балалардың көріп есте сақтау қабілетін, сөздік қорың, ойын дағдыларын қалыптастыру. Ұсақ қол қимылдарың жаттықтыру. Ұйымшылдыққа мейірімділікке, кішіпейілдікке, ұқыптылыққа, шапшандыққа тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сұрақ – жауап.

Керекті – құралдар: сандық, әртүрлі жануарлар, жұмсақ ойыншықтар.

Балалар бізге қонақтар келіпті. Қонақтармен сәлемдесейік.

Ал, балалар, бізге алыс жақтан ғажайып қалта келіпті ішінде не бар екен көрейікші.

Ойын шарты: Қалтада әртүрлі заттар болады. Балаларға заттарды бір-бірілеп алғызады. Аттарын айтқызып, қандай зат екенін ажыратып беруді сұрайды. «Қандай?» деген сұраққа жауап берулерін күтеді. Олардың үлкен –кішкентай, домалақ – төртбұрыш екенін, түстерін айтады, сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйретеді.

Балалар қуана, қызыға ойыншықтармен ойнайды.

Балалар енді бойымызды бір сегітіп алайық.

Сергіту сәт:

Қорбандаған аюдың

Құлпынайы көп екен

Теріп, теріп алайық

Қалтамызға салайық

Тәрбиеші: Ой, балалар, жарайсыңдар! Сендер бүгін ашық оқу қызметіне белсенді қатыстыңдар.